



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

6. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, I том
<http://primeminister.kz/kz/news/industrializatsiya/reguljarnye-aviasoobschenija-iz-kazahstana-osuschestvlyajutsja-po-87-mezhdunarodnym-marshrutam-mir-rk->

ӘОЖ 63.321.96.(576)

ТРАНСПАРЕНТТІЛІК САЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КАТЕГОРИЯСЫ РЕТІНДЕ

Болатұлы Нұржан

Nur.bolatuly01@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану факультеті, Саясаттану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор М.Т. Илипов

Этимологиялық тұрғыдан «**транспаренттілік**» түсінігі (transparent, transparecy) адамның ұғынуы үшін ашықтық, айқындық, анықтық жағдайын білдіреді, ал адам қарым-қатынастарында – адалдықты, жасырмаушылықты, алдаудың жоқтығын білдіреді. Ғылымда бұл санат спектрографиямен, оптикамен, фотографиямен, сәулетпен (терезелердің мөлдірлігі), музыкамен (музыкалық интонацияларға қатысты) байланысты. Телекоммуникациялық жүйелердің кең қолданылуына байланысты желілік транспаренттілік түсінігі пайда болды, ол қолданушының ақпараттық ресурстардың таралуын қабылдауының физикалық мүмкіндіктерін білдіреді. «**Британика**» энциклопедиясында «транспаренттілік» түсінігі әлеуметтік-саяси мағынада, ашықтық және демократиялық бақылау контекстінде пайдаланылады [1].

Вебстердің сөздігінде транспаренттілік «халықаралық сауданы қозғайтын заңдардың, нұсқаулықтардың, келісімдердің ашықтық және өзгеруге ұшыраушылық дәрежесі» ретінде қарастырылады. Мұнда бұл түсінік бір жағынан сыртқы экономикалық саясатпен байланысты болса, екінші жағынан – мемлекеттік басқару саласымен, оның есепке бағыныштылығымен және қоғам алдындағы жауапкершілігімен байланыстырылады [2].

Орыс тілі терминологиясында, Л.П. Крысиннің басқа тілдерден алынған сөздердің түсініктемелік сөздігінде «транспаренттілік» түсінігімен «құпиясы мен бүкпесі жоқ», «басқалар үшін ашық» деген түсінік білдіріледі [3]. Е.Н. Захаренконың, Л.Н. Комарованың, И.В. Нечаеваның шет ел сөздері сөздігінде «транспаренттілік» сөзі «құпияның жоқтығы, кез келген ақпараттың қандай-да бір шектеуші стилистикалық кедергілерсіз қолжетімділігі» мағынасында бекітілген [4].

Қазақ тілі терминологиясында, «транспаренттілік» ұғымы ұлттық және ғылыми, кәсіби сөздіктерінде кездеспейді.

Тұтастай алғанда «транспаренттілік» концепциясы еуропалық мәдениеттің және америкалық әлеуметтік философияның, және де «ғылыми» басқару және әкімшілік басқару теориясының ортақ ағынында қалыптасқан.

Транспаренттіліктің шет елдік зерттеулері өте көп. Негізгі жұмыстарды саралау келесі тәсілдемелер туралы айтуға мүмкіндік береді:

- Транспаренттілікті «ақпаратқа» байланысты қарастыру (Д.Стиглиц);
- Транспаренттілікті мемлекеттік билік және саяси басқару органдарының жауапкершілігі контекстінде зерттеу (Д.Лассен, Ж.М.Балкин, А.Шедлер, Д.Фокс);
- Транспаренттілікті мемлекеттік билік және саяси басқару органдарының тиімділігіне байланысты зерттеу (Р.Б.Митчелл, Д.Торнтон, Д.Л.Броз және т.б.);

Д.Стиглиц үшін транспаренттілік «ақпараттың басқаша атауы» болып табылады [5]. Мұндай пікір біршама дұрыс емес, өйткені қандай және кімге арналған ақпарат туралы сөз болып жатыр деген сұрақ туындайды. «Ашықтық» және «ақпарат» түсініктері арасында айтарлықтай сәйкестік жоқ екендігі сөзсіз. Мысалы, құпия, артықшылықтары бар ақпарат,

мәртебеге ие болған тұлғаның ақпараты – барлығы да жоғары мәнге ие болуы мүмкін, бірақ ақпараттың бұл түрлері оларға қол жеткізе алмайтын тұлғалар үшін ешқандай ашық емес. Ақпараттың нарықтық бағасы көп жағдайда оның ашықтығына қарама-қайшы. Осылайша, ашықтық – абсолютті емес, бірақ ақпараттың айнымалы белгісі; ашықтық пен ақпарат шешілетін міндеттердің көпшілігіне қатысты бір мағынада қолданыла алмайды.

Д.Лассен транспаренттілікті демократиялық тұрпаттағы саяси жүйе жағдайындағы мемлекеттік сектордың саяси жауапкершілігі және көлемі дәрежесімен байланыстырады, саяси жауапкершілік институтын мемлекеттік органдарды сайлаушылардың бақылауының өлшемі ретінде талдайды [6]. Саяси жауапкершілікті екі маңызды қасиеттер сипаттайды: саяси транспаренттілік және бәсекелестік. Саяси транспаренттілік тек қана жалпы түсінік элементі ретінде ғана қарастырылады, атап айтқанда – саяси жауапкершілік/бақыланушылық.

Д.М. Балкин «транспаренттілік» түсінігіне үлкен ауқым береді: ол іс жүзінде осы терминмен саяси ашықтық және демократиялық жауапкершілік түсініктерін қамтиды. Ол транспаренттілік арасындағы шекаралары іс жүзінде айқын емес болуы мүмкін үш маңызды қасиеттерді біріктіреді деп есептейді, бірақ теорияда олардың арасына теңдік белгісін қоюға болмайды:

1) ақпараттық құрауыш саяси қызметкерлер, үкімет шенеуніктері және т.б. туралы ақпараттың, және де мемлекеттік басқару органдары қабылдаған шешімдер туралы ақпараттың ашықтығын және қолжетімділігін көздейді. Бұл транспаренттілік нақты сұрақтар бойынша мемлекеттік органдардың иелігіндегі ақпараттарды ашу немесе қандай-да бір әрекеттердің мақсатқа сай екендігіне қатысты қоғамның пікірін анықтау талабын қоя отырып, әрі қарай да кеңі беруі мүмкін;

2) «партиципаторлық» құрауыш субъектінің мүдделерге өкіл болу немесе тікелей қатысу арқылы саяси шешімдерді қабылдау барысында қатысу мүмкіндігін сипаттайды;

3) бюрократияның заңға немесе қоғамдық пікірге перманентті бағыныштылығы. Әсіресе ол бюрократия қазіргі кездегі нормативтік құқықтық актілерді бұзған жағдайда, ал оның әрекеттері халықтың жағдайына теріс әсер ететін, оның өмірлік мүдделерін қозғайтын жағдайларда айқын көрінеді [7].

Мемлекеттік басқаруға қатысты ашықтық феноменін зерттеген Р.Бухман, Дж.Пиотровски және Э.Смит, ашықтықты екі түрге бөледі – **қаржылық** және **басқару ашықтығы** [8]. Қаржылық ашықтық қаржылық ашулардың, олардың талдануының және саралаушылардың және БАҚ-ның таратуының қарқындылығын және уақытылы болуын білдіреді. Басқару ашықтығы басқару әрекеттерінің ашу қарқындылығын білдіреді. Жоғары ашықтықтың қажеттілігі туралы тезиске қолдау көрсетпейтін авторлар, басқарудың ашықтығы ең алдымен заңгерлік/соттық режимге байланысты, ал қаржылық ашықтық ең алдымен саяси режимге байланысты екендігі туралы тұжырымға келді. Жекелей алғанда, қаржылық ашықтық экономикасы кәсіпорындарды және банктерді мемлекеттің төмен монополиялық пайдалануымен және фирмалардың қорларын мемлекеттің тәркілеу қаупі төмендігімен сипатталатын мемлекеттерде жоғары. Зерттеушілер алған нәтижелер үлгіге әртүрлі қосымша айнымалылардың қосылуына орнықтылығымен ерекшеленеді.

А.Шедлер ашықтықтың үш өлшемін ерекшелейді: қандай-да бір шараларды жүзеге асыру, бақылау және заңды деп тану [9]. А.Шедлер өкілеттіктерді көрсете отырып асыра сілтеу үшін санкциялардың аз ғана болмағаны үшін заңның және жауапкершіліктің ешқандай үстемдігі жоқ деп есептейді. Бірақ **Д.Фокс** транспаренттілікті концептуалдандырудың мұндай тәсілдемесі дәйексіз деп есептейді: бір жағынан ашықтық механизмінің болуының өзі билік және басқару органдарының тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті шарт болып табылатын сияқты, екінші жағынан – әсер етудің қосымша шаралары қажет [10]. Егер ашықтық түсінігі осылайша жауапкершілік анықтамасына «жіріктірілген» болса, онда соңғы анық емес және айқын емес болып шығу қаупіне ұшырайды. Бір термин аясында құралды (ашықтық) және мақсатты (жауапкершілік) біріктіру, Д.Фокстың пікірінше, ашықтық шынымен де жауапкершіліктің тиімді іргетасы болатын шарттарды түсіндіру

қажеттілігіне саятын негізгі аналитикалық мәселелерді шешуге кедергі болады.

Р.Б.Митчел транспаренттілікті саяси жүйенің табанды сипаттамасы деп есептейді: ол сыртқы қадағалаушылар үшін жүйенің және шешімдерді қабылдау барысының ашықтығын қамтиды [11]. Сонымен қатар ол дегенменде оған ақпараттық өлшем береді, және де осы түсініктің аясын қысқартуды және ашықтықты тек қана билеуші режимнің жұмыс істеуіне және коллизиясына қатысты қолжетімді ақпараттың біршама көлемі ретінде ғана қарастыруды ұсынады. Р.Б.Митчелл транспаренттіліктің біртекті еместігін, оның деңгейі әртүрлі саяси жүйелерде де, бір ғана жүйе шегінде де бірдей еместігін басып айтады. Транспаренттілік уақыт пен кеңістікте көп деңгейлі. Бір жүйелер көбірек транспарентті болса, екінші – азырақ болады; белгілі жағдайларда нақты саяси режим екіншісіне қарағанда кейбір аспектерде ашығырақ болуы мүмкін; соңында, уақыттың белгілі мерзімі ішінде жүйе бұрынғыға қарағанда және басқа саяси режимдермен салыстырғанда транспаренттіліктің жоғарырақ деңгейін көрсетуі мүмкін.

Д.Торнтон ашықтықты тиімділік тұрғысынан зерттей отырып, кейбір авторлар бір бірінен түпкілікті ерекшеленетін осы екі мәселені бір бірімен бірге қарастыратындығына (ашықтық және тиімділік) назар аударады, бұл жаңылысқа әкеп соғады [12]. Ашықтық тиімділік қызмет ететін мақсат емес, құрал болып табылады. Егер ашықтық қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттырмайтын болса, онда автордың пайымдауынша, оның ешқандай экономикалық негіздемесі жоқ. Өз тұжырымдарын ол мемлекеттің кредиттік-ақшалық және валюталық саясаты мысалында сендіріп көрсетті.

Д.Л.Броздың «Саяси жүйенің транспаренттілігі және ақша-кредит қатынастары» жұмысында кеңінен таралған және жалпы дефиницияны ұстанады: саяси жүйенің ашықтығы саяси шешімдердің қабылдану үрдісінің ашықтығын білдіреді. Сонымен қатар, саяси реализм ұстанымдарын ұстана отырып, ол қоғам дамуының бәсекелес мүдделері мен талаптарын, әртүрлі баламалардың еркін саяси жарысын, және ең бастысы – ақпараттың тәуелсіз көздерінің болуын мойындайды. Автор сондай-ақ ашықтықты қамтамасыз ететін осы демократиялық механизмдерге қарама-қарсы әрекет ету билік үшін шығынды және тиімділігі аз болатындығын атап өтеді [13].

Халықаралық валюта қорының «Ақша-кредиттік және қаржылық саясаттағы ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі тиісті практика кодексі: ұстанымдар декларациясында» ашықтық саясаттың, оның құқықтық, институционалдық және экономикалық шеңберлері, саясат саласындағы шешімдер және олардың дәйектеулері, ақша-кредиттік және қаржылық саясатқа байланысты деректер мен ақпараттар, және де агенттіктердің бағыныштылығының шарттары қоғамға түсініктілік, қолжетімділік және уақытылылық негізінде берілетін орта ретінде түсініледі. Шектеулі мамандықтағы сипатына қарамастан, ашықтықтың осылайша қандай-да бір «орта» ретінде талдануының болашағы зор. Ашықтық – демократияның жұмыс істеу шарты, оның атрибуты ғана емес, ол демократиялық тұрпаттағы саяси жүйенің жасап шығаратын ортасы және біруақытта оның жұмыс істеуіне қолдау көрсетеді. Дәл осындай ортаның болуы саяси бәсекелестіктің және мемлекеттік басқару органдарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруын қоғамның бақылауының саламатты механизмдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді [14].

Р.Митчелдің пікіріне сай, ашықтық тұтастай алғанда мемлекеттік органдардың қызметін бағалау немесе жекелеген саяси субъектілердің қызметін бағалау сияқты екі түрлі мақсаттардың біріне қоғамның қол жеткізуі үшін қызмет етеді [15]. Осыған байланысты, ғалым саяси транспаренттіліктің екі үлгісін ажыратады, олар:

1) тиімділікке (қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылатын билік элиталарының жалпы күш-жігерін сипаттайды);

2) келісімге (жекелеген саяси акторлардың халық алдындағы өз міндеттемелерін орындауға қосқан үлестерін қарастыруды және бағалауды тұспалдайды) бағытталған. Осы екі түрдің арасындағы басты ерекшелік ақпараттың мазмұнында емес, оның қолданылуында. Бірінші үлгіде ақпарат біріншіден билік әрекетінің арқасында қоғамның қойылған мақсатқа қаншалықты жақындағандығын анықтауға; екіншіден болашақта одан да

жоғары табысқа жету үшін шешімді қайта қарастыруды талап ететін қателіктерді, кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Екінші үлгіде ақпаратты, жекелей алғанда, саяси оппозиция пайдалануы және жекелеген немесе топтасқан саяси субъектілерді дискредитациялауға бағытталған болуы мүмкін. Көптеген елдердегі билеуші топтар оқиғаның мұндай дамуына жол бермеуге тырысады, және сондықтан үлгінің тиімділігіне бағытталған бірінші үлгіге мойын бұрады.

Саясат субъектісі билік құрылымдарының әртүрлі бағалауларын басшылыққа алуы мүмкін (топтық тиесілігіне, көздеген мақсатына, идеологиясына және т.б. қарай). Бұл бағалаулар, белгілі кандидатты сайлауға қолдау көрсету болсын немесе тіпті қарсылық жасауға дейін өзінің саяси артықшылықтарын білдірудің басқа да түрлері болсын, саяси ортадағы қимыл стратегиясын таңдауға әсер етеді.

К. Дро орындаған ашықтықтың базистік элементтерінің жіктелімі қызығушылық туындатады [16]. Бұл жұмыстың маңыздылығы - «транспаренттілік» түсінігін операцияланда және оны кейіннен қолданбалы мақсаттарда, ашықтық пен саяси басқарудың айқындығын эмпирикалық зерттеулерде. К.Дро бірқатар негізгі концепттерді ерекшелейді (ашықтықпен ұқсастыру негізінде): айқындық, қолжетімділік, басқа шешімдермен ықпалдасуы, қисындылығы және ұтымдылығы. Жауапкершілігі, шыншылдығы және дәлдігі және ашықтығы. Ашықтықтың мақсат ретінде де, өлшеу құралдары ретінде де көрсетілуі мүмкін жекелеген компоненттері көрсетілген. Осы құрылымның жекелеген элементтерін біздер мемлекеттік билік органдарының және саяси басқару органдарының ашықтығын бағалау кезінде, олардың сайттарының мазмұнын және негізгі құжаттарын саралау кезінде пайдалануға болады.

Осылайша, шет елдік саяси ғылымда транспаренттілік түсінігі осы күрделі қоғамдық-саяси феноменді түсінудің біртұтас концепциясы жоқ болса да, өте егжей-тегжейлі қарастырылады. Транспаренттілікті зерттеудің жоғарыда аталған тәсілдерін жүйелеу бізге осы түсініктің мәнін анықтауға мүмкіндік береді.

Транспаренттілік – бұл саяси жүйенің, саяси шешімдерді қабылдау үрдісінің ашықтығы және билік және басқару органдарының қызметтерін қоғамдық бақылау арқылы демократияны, азаматтық қоғамның дамуын қамтамасыз ететін саяси басқару ортасының негізгі сипаттамасы.

Қорытындылай келе, келесілерді атап өте аламыз.

Транспаренттілік мәселесінің өзектілігі артып келе жатқандығына қарамастан, ғалымдардың көпшілігі, мәселені әрқайсысы өзінің ерекше көзқарасымен қарастыра отырып, өз зерттеуі аясында транспаренттіліктің өз концепциясын жасай отырып және мәселенің жекелеген жақтарын ғылыми саралай отырып, негізінен осы түсініктің функционалдық аспектісіне тоқталады.

Шет елдік зерттеулер, көп жағдайда зерттеудің теоретикалық-әдістемелік аспектісіне бағытталған.

Бүгінгі күні ғылымда транспаренттілікті **бес түрлі өзара** байланысқан позициядан қарастыру қажет:

- 1) Демократиялық тұрпаттағы саяси жүйенің ерекшелейтін сипаты және маңызды құралы ретінде;
- 2) Жауапты және тиімді саяси басқару шарты ретінде;
- 3) Көлеңкелі саяси құбылыстар мен үрдістерге қарсы тұрудың негізгі механизмі ретінде;
- 4) Манипулятивтік технология ретінде;
- 5) Оның шеңберіндегі контекстте, басты түрде ұлттық және ақпараттық қауіпсіздік факторларының;

Саяси басқару транспаренттілігі мәселесі, халықтың ақпаратқа қол жеткізуі қоғам дамуының негізгі факторы бола бастаған ауыспалы кезең жағдайында айрықша маңызды. Тек қана әртүрлі әлеуметтік топтардың және үкіметтік емес ұйымдардың саяси қатысуының кеңейіп келе жатқан мүмкіндіктерінің, биліктің артып келе жатқан жауапкершілігінің және

ашықтығының, еркін ақпарат ағынының, саяси қызметтің криминалдануын болдырмаудың арқасында ғана азаматтардың өмір сапасын жақсартуға және саяси жүйенің және мемлекеттік құрылымның реформалану үрдісінің табыстылығын қамтамасыз етуге болады.

Экономикалық-саяси басқару элементтерінің бірі ретінде ашықтық басқару кеңістігінің айқын құрылымданғандығына байланысты бірегейленген құрал ретінде әрекет жасай алмайды, және сондықтан ол, әдетте, салалық белгілері бойынша жіктеледі. Транспаренттілік **өте қажет** болып табылатын, мемлекеттегі барлық әкімшілік қарым-қатынастарды қамтитын үш сала бар:

- а) мемлекеттік басқару (саяси менеджмент);
- б) экономика (экономикалық менеджмент);
- в) құқық қорғау қызметі (бақылау менеджменті).

Макро және микродеңгейде саяси менеджмент жүйесіне ашықтық механизмдерін енгізу азаматтық басымдықтарды мемлекеттіктен артық бекіте отырып, саяси әкімшілік жасаудағы этикалық доминанттарды бекіте отырып, саяси бюрократияға қызметтер индустриясының ерекше субъектісі ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Заманауи демократияның қалыптасу жағдайындағы ашықтық – бұл қоғамдық-саяси өмірдің жаңа құбылысы ғана емес, Қазақстан саясаттану ғылымындағы жаңа сөз. Оның дамуы және отандық саяси теорияда тамыр жаюы шет елдік тәжірибені ұғыну және шығармашылық қолдану дәрежесіне ғана емес, басты түрде саяси үрдістің, демократиялық институттардың нығаюына (немесе әлсіреуіне) тәуелді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Encyclopaedia Britannica. Электронный ресурс. Режим доступа: <https://www.britannica.com/topic/transparency-government>
2. Webster's Online Dictionary. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.websters-online-dictionary.org/definition/TRANSPARENCY>
3. Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. М., 2003. С. 854.
4. Захаренко Е.Н., Комарова Л.Н., Нечаева И.В. Новый словарь иностранных слов. М., 2003. С. 651.
5. Stiglitz, J. E. (2000). The Contribution of the Economics of Information to Twentieth Century Economics. Quarterly Journal of Economics, 115(4), November, 1441-78. P. 1466.
6. Lassen D.D. Political Accountability and the Size of Government: Theory and Cross-Country Evidence. Economic Policy Research Unit and University of Copenhagen, 2000, p.1.
7. Balkin J.M. How Mass Media Simulate Political Transparency. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.yale.edu/lawweb/jbalkin/articles/media01.htm>
8. ROBERT M. BUSHMAN, JOSEPH D. PIOTROSKI, AND ABBIE J. SMITH What Determines Corporate Transparency? Journal of Accounting Research Vol. 42 No.2 May 2004.
9. Schedler, A., Conceptualizing Accountability. In A. Schedler, L. Diamond and M. F. Plattner, eds., The Self-Restraining State: Power and Accountability in New Democracies, Boulder: Lynne Rienner, 1999a, p. 14.
10. Fox J. Civil Society and Political Accountability: Propositions for Discussion. Presented at «Institutions, Accountability and Democratic Governance in Latin America». The Helen Kellogg Institute for International Studies University of Notre Dame, May 8-9, 2000, p. 3.
11. Mitchell R.B. Sources of Transparency: Information Systems in International Regimes. International Studies Quarterly (1998) 42, p. 110.
12. Thornton D.L. Monetary Policy Transparency: Transparent About What? Working Paper 2002-028B <http://research.stlouisfed.org/wp/2002/2002-028.pdf>.
13. Broz J.L. Political System Transparency and Monetary Commitment Regimes. Department of Political Science; University of California. http://weber.ucsd.edu/~jlbroz/Broz_IO_56.4.pdf

14. International Monetary Fund. Code of Good Practices on Transparency in Monetary and Financial Policies: Declaration of Principles.
15. Mitchell R.B. Strategies of International Social Control. Changing Incentives, Opportunities or Values. Paper presented at the Annual Meeting of the International Studies Association, San-Diego, California, 1996.
16. Drew H. Transparency - Considerations for PPGIS Research and Development URISA Journal Vol. 15, AP 1,2003;

УДК 323

ПРОБЛЕМА СОТРУДНИЧЕСТВА ГОСУДАРСТВ В ПРОТИВОДЕЙСТВИИ МЕЖДУНАРОДНОМУ ТЕРРОРИЗМУ В СИРИИ

Бовдилова Светлана Сергеевна

bovdilova.svetlana@yandex.ru

Студентка ФГБОУ ВО «Кемеровский государственный университет»,
г. Кемерово, Россия

Научный руководитель – Е.В. Матвеева

Борьба с терроризмом – глобальная проблема всего международного сообщества. На сегодняшний день особого внимания заслуживает самая молодая террористическая организация – «Исламское государство Ирака и Леванта» (запрещённая на территории РФ). Оно распространяется с небывалой скоростью, и все стремительнее захватывает новые территории. Ежедневно ИГИЛ вербует в свои ряды десятки, а то и сотни молодых юношей и девушек, навязывая им свою идеологию. В связи с этим, учитывая масштабы распространения террористической группировки ИГ, необходимо создание коалиции заинтересованных стран с целью эффективного противодействия международному терроризму.

Россия еще с начала конфликта в Сирии указывала на то, что миру необходимо объединиться против международного терроризма. Мировые правительства должны начать последовательно, без двойных стандартов бороться с этим явлением. Однако Российская Федерация долгое время не встречала понимания со стороны мирового сообщества. Примечательно, что западные члены СБ ООН блокировали в Совете Безопасности российские инициативы, подразумевающие осуждение преступлений террористов. Однако жестокие казни, теракты, совершаемые ИГИЛ, захват ими новых территорий, заставили некоторых политиков изменить свою позицию.

Результатом стало принятие по инициативе России ряда важнейших решений СБ ООН – резолюций 2170, 2178 и 2199, регулирующих взаимодействие по борьбе с различными аспектами терроризма. Эти решения сформировали внушительную базу для эффективного международного сотрудничества в деле борьбы с экстремистами.

Важно обозначить тот факт, что на стороне России в плане стратегии противодействия мировой террористической организации выступают такие страны, как: Казахстан, Иран, Киргизия и Узбекистан, которые проводят активную информационную борьбу и контрпропаганду, противостоящую пропаганде ИГИЛ [1].

Сегодня Российская Федерация способна бросить вызов превосходству в воздухе, которое США поддерживают более 20 лет и воспринимают как должное, контролируя воздушные пространства государств Северной Африки и Ближнего Востока. Здесь важнейшим фактором является союз России с Ираном, который является еще одним ключевым игроком в решении сирийского вопроса. России необходимо воздушное пространство Ирана, чтобы обеспечивать полеты своей авиации и крылатых ракет, запускаемых с территории РФ. Также РФ поддерживает намерения иранского руководства по борьбе с ИГИЛ в регионе. Военная операция в Сирии наряду с речью Путина на